

Монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 желтоқсанда № 12497 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 103 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 28.04.2020 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Заңының 19-бабының 14-10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін электрондық нұсқада елтаңбалы мөрмен расталған қағаз данасының көшірмесімен, Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық сандық қолтаңбасымен куәландырылған көшірмесін электрондық нұсқада елтаңбалы мөрмен расталған қағаз данасының көшірмесімен бірге беруді;

3) осы бұйрықты ресми жариялануынан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықтың ресми жариялануынан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Зан қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2015 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 371 бұйрығымен
бекітілген

Монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.12.2018 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату тәртібін анықтайды.

2. Монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату аса көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәнгі есте қалдыру мақсатында жүзеге асырылады.

2-тaraу. Монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату тәртібі

3. Мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар тоқсанның соңғы айынын 25-күніне дейін тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) монументті өнердің жаңа құрылыштарын (бұдан әрі – жаңа құрылыш) орнату жөніндегі ұсыныстарын жолдайды.

4. Мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың жаңа құрылыш орнату туралы ұсыныстарын қарау үшін уәкілетті орган монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

5. Комиссия төрағадан, төраға орынбасарынан, мүшелерден құралады. Комиссия мүшелерінің саны тақ саннан тұрады. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның төрағасы оның қызметіне жетекшілік етеді, Комиссияның отырыстарын өткізеді. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары атқарады.

Комиссия өзінің қызметін уәкілетті органның шешімі негізінде тоқтатады.

6. Жаңа құрылыш орнату жөніндегі келіп түсken ұсыныстар Комиссиямен:

1) аса көрнекті тұлғаның Қазақстан Республикасы алдындағы еңбек үлесінің және (немесе) Қазақстан Республикасы үшін тарихи маңыздылығының болуына;

2) осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкестілігіне қаралады.

7. Комиссия үш жұмыс құні ішінде келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) келіп түсken ұсынысты қолдау және осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды, жаңа құрылыштың макетін ұсыну туралы ұсыным беру;

2) аса көрнекті тұлғаның Қазақстан Республикасы алдындағы еңбек үлесінің және (немесе) Қазақстан Республикасы үшін тарихи маңыздылығының болмауына және осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкесіздігіне орай жаңа құрылышты орнатуға қарсылық көрсету.

8. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және мемлекеттік органдарға, жеке және занды тұлғаларға қол қойылған құнінен бастап үш жұмыс құні ішінде жолданады.

9. Жаңа құрылышты орнату жөніндегі ұсыныстар қолдау тапқан жағдайда, мемлекеттік органдар, занды және жеке тұлғалар уәкілетті органға тоқсанның соңғы айының 25-күніне дейін келесі құжаттарды және жаңа құрылыштың макетін жолдайды:

1) аса көрнекті тұлғаны және (немесе) маңызды тарихи оқиғаны мәнгі есте қалдыру туралы ерікті нұсқадағы хат;

2) аса көрнекті тұлғаның еңбек үлесін және (немесе) маңызды тарихи оқиғаның маңыздылығын растайтын архивтік және өзге құжаттардың көшірмелері;

3) жаңа құрылышты орнату үшін бөлінген жер телімін растайтын құжат (шешім, қаулы);

4) жаңа құрылышты қаржыландыру көздерін раставу;

5) жаңа құрылыштың нобайлық жобасы:

жаңа құрылыштың атауын және оның орналасатын орнын;

жаңа құрылыштың авторларының (сәулетші, мұсінші) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және олардың қолтаңбаларын;

жаңа құрылыштың қысқа негізdemесін және сәулеттік-көркемдік, композициялық шешімдерін, конструкциялық сипаттамасын және аумақты абаттандыру элементтерін, болжамды жүзеге асыру мерзімін мазмұндайтын түсіндірме жазбаны;

жаңа құрылыштың қалақұрылышы құрылымындағы жерде орналасуының дүниенің төрт бағыты көрсетілген ситуациялық схемасын;

1:500 (1:200) масштабтағы жаңа құрылыштың абаттандыру элементтерімен бас жоспары.

10. Комиссиямен ұсынылған құжаттардың толықтығы және анықтылығы, жаңа құрылыштың макеті көркемдік бейнелілігі түрғысынан қаралады. Көркемдік бейнелілік тұлғаның шынайы бет бейнесімен ұқсастығын, жаңа құрылыш сұлбасының көлемі мен формасының, дененің жеке мүшелері, киім бөлшектерінің, заттарының үйлесімділігін қамтиды.

11. Комиссия отырысы нәтижесінде жаңа құрылыштарды орнатуды қолдау немесе қолдамау туралы шешім шығарылады.

Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жолданады.

Жаңа құрылыш Комиссияның оң шешімі негізінде орнатылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК